

6 – сынып математика. Ағысқа байланысты мәтін есептер.

№1. Көл жағасындағы екі пункт арасын катер 3 сағ жүзеді. Осындай қашықтықты сал өзенде 12 сағ жүзеді. Егер катер өзенде ағыспен жүзсе, осы екі пункт аралығындай қашықтықты неше сағат жүзеді?

№2. Қайық көлде 3 сағ жүзетін қашықтықты сал өзенде 9 сағ жүзеді. Өзенде ағысқа қарсы жүзген қайық осындай қашықтыққа неше сағатта барады?

№3. Пароход өзенде ағыспен жүзсе, 2 сағатта 68,6 км қашықтыққа барады, ал ағысқа қарсы жүзсе, осындай уақыт аралығында одан 10 км кем қашықтыққа барады. Пароходтың меншікті жылдамдығын, ағыс жылдамдығын табыңыз.

№4. Теплоход екі қала арасын өзенде ағыспен 4 сағ жүзсе, көлде осындай қашықтықты 5 сағ жүзеді. Сал осы екі қала арасын неше сағат жүзеді?

№5. Өзен жағасындағы екі айлақ арасын катер ағыспен 6 сағ жүзсе, сал 42 сағ жүзеді. Катер осындай қашықтықты көлде неше сағат жүзеді?

№6. Қайық пен сал өзенде бір бағытта жүзіп барады. Сал 2,6 км/сағ жылдамдықпен жүзсе, қайық 10 км/сағ жылдамдықпен жүзді. Егер қайық сол меншікті жылдамдықпен өзенде ағысқа қарсы 3 сағ жүзсе, неше километр қашықтыққа барады?

№7. Өзен жағасындағы А және В пункттерінің арасын сал 18 сағ жүзеді, ал ағысқа қарсы жүзген катер 2 сағ жүзеді. Катер көлде жүзіп, осындай қашықтыққа неше сағатта барады?

№8. Қайық ағыспен 45 мин, ағысқа қарсы 30 мин жүзіп, барлығы 11,7 км қашықтыққа барды. Ағыс жылдамдығы 1,8 км/сағ. Қайықтың меншікті жылдамдығын табыңыз.

№9. Өзен жағасындағы екі пункт арасын катер ағыспен 4 сағ жүзсе, ағысқа қарсы 5 сағат жүзеді. Осы екі пункт арасын сал неше сағат жүзеді?